


БЕКІТЕМІН



Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қосымша білім беру туралы ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы қосымша білім беру ережесі «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңына; «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығына; «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларын бекіту туралы» (09.04.2020ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығына; «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына (25.01.2019 №35 өзгерістермен) сәйкес «Педагогикалық ғылымдар» даярлау саласы бойынша білім беру қызметін жүргізуге «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңына; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңына; «Педагогикалық қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығына сәйкес әзірленіп, іске асырылуда.

1.2 Осы Ереже қосымша білім беру факультетінің бағдарламалары бойынша оқыту форматын регламенттейді.

1.3 Қосымша білім беру бағдарламалары сыртқы ортаның қажеттілігін, университет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қажеттілігін, кадрларды қайта даярлауға мемлекеттік тапсырысты және заңды және жеке тұлғалармен жасалған шарттарды ескере отырып, ішкі және сыртқы тұтынушылар үшін әзірленеді.

1.4 Қосымша білім беру бағдарламалары тыңдаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын және «өмір бойы білім алу» қағидатын қамтамасыз ететін қосымша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

1.5 Қосымша білім беру бағдарламалары туралы ақпарат университет сайтында және ЖАОК интерактивті платформасында орналастырылады.

1.6 Қосымша білім беру курстарында оқитын тұлға тыңдаушы болып табылады.

1.7 Қосымша білім беру бағдарламасына қабылдау тыңдаушының өтініші бойынша жүзеге асырылады.

1.8 Қосымша білім беру бағдарламаларына қабылданғаннан кейін университет пен тыңдаушы арасында шарт жасалады.

1.9 Оқу процесі 36 немесе 72 сағатқа есептелген.

1.10 Тыңдаушы online және offline форматтарында оқи алады.

1.11 Қосымша білім беру факультетінде оқу тыңдаушылардың барлық санаты үшін ақылы болып табылады. Оқу ақысы бекітілген ақылы қызметтер преysкурантында айқындалған.

1.12 Сабақтардың мазмұны, тақырыптары, тақырыптарды модульдер бойынша бөлу жұмыс бағдарламаларында көрсетіледі.

1.13 Қосымша білім беру бағдарламаларын меңгеру тыңдаушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

1.14 Оқыту нәтижелері бойынша ҚарУ-дың өзіндік үлгідегі сертификаты беріледі (1-қосымша).

1.15 Тыңдаушылар оқу бағдарламаларында белгіленген оқу жұмысының барлық түрлерін орындауға, сондай-ақ Академиялық адалдық қағидаларын сақтауға міндетті.

2. Қосымша білім беру форматтары

2.1 Университетте қосымша білім беру үш форматта жүзеге асырылады: жаппай online курстары (бұдан әрі - ЖАОК) форматы, біліктілікті арттыру форматы, педагогикалық қайта даярлау форматы.

2.2 ЖАОК форматы

2.2.1 Оқыту қосымша білім беру бағдарламаларын қашықтықтан меңгеруге мүмкіндік беретін университеттің интерактивті платформасын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

2.2.2 Платформа оқу және бақылау контентін, сондай-ақ оқу процесі субъектілерінің тіркелуін, виртуалды қарым-қатынасын, білімін бағалауды, ақпарат алмасуды, сертификат беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін модульдерді қамтиды.

2.2.3 ЖАОК-ты әзірлеуді нақты авторлар немесе университеттің ПОҚ қатарынан авторлар тобы жүзеге асырады.

2.2.4 ЖАОК-ты жобалау Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дың білім беру платформасына арналған online курстарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен регламенттеледі.

2.2.5 Платформадағы жұмыс оқытушы, әкімші, тыңдаушы үшін регламенттермен қамтамасыз етілген.

2.2.6 Университет платформасында оқыту шарт жасасқан сыртқы авторлар әзірлеген ЖАОК-ты пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

2.3 Біліктілікті арттыру форматы

2.3.1 Біліктілікті арттыру курстары тапсырыс берушінің (қатысушының) өтініші және біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру туралы ректордың бұйрығы, біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру туралы шарт (сыртқы тыңдаушылар үшін) негізінде жүргізіледі.

2.3.2 Біліктілікті арттыру келесі нысандарда жүзеге асырылады:

– Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қосымша білім беру факультетінде біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқыту;

– тиісті лицензиясы бар басқа білім беру және ғылыми ұйымдарда қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;

– өз мамандығының бағыты бойынша көшпелі мектептерге, тақырыптық және проблемалық семинарларға қатысу;

– білім беру жүйесінде академиялық жұмыс тәжірибесімен алмасу бойынша мақсатты және шетелдік іссапарларға қатысу;

– жетекші ғылыми-зерттеу ұйымдарында, білім беру мекемелерінде, өндірісте кәсіби бейіні бойынша тағылымдамадан өту.

2.3.3 Біліктілікті арттыру бағдарламаларының негізгі міндеттері:

– теориялық ережелер мен тұжырымдамаларды талдаудың практикалық әдістері мен тәсілдерін үйрету;

– нақты практикалық міндеттерді шешуде заманауи теориялық және ғылыми-техникалық әдістерді қолданудың біліктері мен дағдыларын игерту.

2.3.4 Біліктілікті арттыру бағдарламалары тиісті ғылыми-зерттеу және оқу зертханаларының, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің мамандандырылған кабинеттері мен аудиторияларының базасында немесе тапсырыс берушінің базасында жүргізіледі.

2.3.5 Біліктілікті арттыру бағдарламасының жетекшісі ретінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессор-оқытушылар құрамынан нақты бағыт бойынша білікті маман тағайындалады.

2.4 Педагогикалық қайта даярлау форматы

2.4.1 Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасының тыңдаушысы кәсіптік білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейіні бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш кірісетін тұлға болып табылады.

2.4.2 Тыңдаушыларды педагогикалық қайта даярлаудың мақсаты білім беру бағдарламалары бойынша қосымша білім алу, кәсіби қызметтің жаңа түрін орындау үшін қажетті жекелеген пәндерді, ғылым, техника және технология бөлімдерін оқыту болып табылады.

2.4.3 Университет келесі даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асырады:

– «Химия», «Биология», «Физика», «Информатика», «Математика» жаратылыстану пәндері бойынша;

– «Тарих» гуманитарлық пәндері бойынша;

– Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы»; «Дене шынықтыру және спорт»; «Бейнелеу өнері, көркем еңбек, графика және жобалау», «Кәсіптік оқыту» жалпы дамытудың пәндік мамандануымен.

2.4.4 Білім беру бағдарламасы 40 кредиттен тұрады.

2.4.5 Білім беру бағдарламасы пәндерінің тізбесі, мазмұны және көлемі Педагогтің кәсіби стандартымен айқындалған.

2.4.6 Қайта даярлау бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері оқытушылық, тәрбиелеушілік, әдістемелік, зерттеушілік және әлеуметтік-коммуникативтік еңбек функцияларына және педагогтің кәсіби стандарты деңгейіне сәйкес болуы тиіс.

2.4.7 Бағдарламаға түсуші тұлғалар жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясының хатшысына талаптарға сәйкес құжаттарды тапсырады.

2.4.8 Оқу мерзімі: 9 ай.

2.4.9 Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасынан сәтті өткен тыңдаушыларға педагог ретінде кәсіби қызметпен айналысу құқығын беретін белгіленген үлгідегі сертификат беріледі (2-қосымша).

3. Біліктілікті арттырудың жұмыс бағдарламаларын және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібі

3.1 Жұмыс бағдарламасын (бұдан әрі-ЖБ) кафедра оқытушылары ішкі талаптарға сәйкес әзірлейді (3-қосымша).

3.2 ЖБ өзектілендірген, мақсаты болуы, практикаға бағдарланған болуы, қосымша құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған міндеттерді көрсетуі тиіс.

3.3 ЖБ даярлау бағыты бойынша кафедра меңгерушісімен келісіледі және қосымша білім беру факультетінің деканына ұсынылады.

3.4 ЖБ-ны стратегиялық даму жөніндегі проректор бекітеді.

3.5 ЖБ әзірлеушісі оқытудың өзекті бағдарламаларын ұсына алатын, әдістемелік дағдыларды меңгерген, ғылыми-педагогикалық немесе практикалық жұмыс тәжірибесі бар бағдарлама жетекшісі ретінде тартылған сыртқы сарапшы бола алады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ		МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА
<h1>СЕРТИФИКАТ</h1>		
(Ф.И.О.)		
20__ жылдың «__» _____ бастап «__» _____ аралығына дейін __ сағат көлемінде «_____» біліктілікті арттыру курсы н өтті.	с «__» _____ по «__» _____ 20__ г. _____ прошел курс _____ повышения квалификации «_____» в объеме __ часа.	
Басқарма төрағасы – Ректор	Н.О. ДУЛАТБЕКОВ	
Тіркеу № _____	Регистрационный № _____	
г. Караганда		

Сертификат

_____ берілді

(Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының атауы)

_____ (Т.А.Ә. болған жағдайда, басшының қолы)

Мөр орны

Берілген күні 20__ жылдың " __ " _____ ол 20__ жылдың " __ " _____ мен " __ " _____

_____ аралығында _____ кредит көлемінде _____ педагогикалық қайта даярлау курсынан өтті

Тіркеу нөмірі: № __ 20__ жылдың " __ " _____

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БЕКІТЕМІН

Басқарма мүшесі – Стратегиялық
даму жөніндегі проректор

_____ Т.А.Ә.

20__ ж. « ____ » _____

Тыңдаушыларға арналған

« _____ »

**біліктілікті арттыру курсының
ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

ӨЗІРЛЕНДІ

_____ Т.А.Ә.

20__ ж. « ____ » _____

КЕЛІСІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

_____ Т.А.Ә.

20__ ж. « ____ » _____

ҚБФ деканы

_____ Т.А.Ә.

20__ ж. « ____ » _____